

Comparative analysis of verb forms in Korean and Kazakhstan languages and methods of translation



5. Мухаммад Әбу әл-Фараж әл-Муъжәму әл-луғауя. Дәру ән-наһдатил арабия, Бейрут-Ливан, 1966.

6. М. Малбақов Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. "Ғылым" ғылыми баспа орталығы, Алматы, 2002.

В статье рассматриваются основные принципы арабской классической

лексикографии. В частности, способы и виды толкования словарных слов.

In article consider main principles of Arabic classical lexicography. In particular methods and kinds of interpretation of lexical words.

Шатекова Г.Қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН КОРЕЙ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ ЖАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ МЕН АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі тіл білімінің негізгі бір саласы ретінде салыстырмалы типология қарқынды түрде дамып келеді. Оның жаңадан өркендеуі өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастау алады.

Тілдерді салыстыра зерттеудің маңызы бар: біріншіден, таза лингвистикалық теория тұрғысынан; екіншіден, лингво – дидактикалық тұрғыдан.

Салыстырмалы типологияның екі қыры бар: бірі, салыстыру аспектісі, екіншісі, типологиялық аспект. Контрастивті – конфронтативті салыстыру арқылы генетикалық жағынан туыс немесе туыс емес тілдердің жалпы ортақ қасиеттерін (универсальный) және әр тілдің өзіне ғана тән қасиеттерін (уникальный) ашу көзделеді де, типологиялық жағынан келгенде салыстырылып отырған тілдердің жалпы тілдік қасиеттері тұрғысынан өзіндік ерекшеліктерін анықтау жолға қойылады. Осы жағынан келгенде салыстырмалы типологияның методологиялық тұғыры жалпылық, жекелік және ерекшеліктердің диалектикалық категориясымен үндесіп жатады. Жалпылық – барлық тілдерге ортақ қасиеттер, жекелік – тек белгілі бір тілге тән қасиеттер, ал сонымен бірге белгілі бір тілдерге ортақ қасиеттер де айқындалады. Сонымен, салыстырмалы типологияның негізгі мақсаты да тілдер арасындағы осы қасиеттердің арақатынасын ашуға арналады.

Біздің қарастыратынымыз қазақ және корей тіліндегі етістіктің жақ және шақ категорияларының салыстырмалы

сипаттамасы. Қазақ және корей тілдері генетикалық жағынан да, типологиялық жағынан да бір топқа жататын тілдер. Генетикалық тұрғыдан екі тіл де орал – алтай тілдері тобына, типологиялық жағынан агглютинативті (жалғамалы) тілдерге жатады. Сондықтан бұл екі тіл арасында өзара ұқсастықтар жеткілікті.

Морфологиялық (жасалуы, семантикалық, грамматикалық құбылуы) жағынан да, сөйлемдегі қызметі жағынан да сұрыпталып, қалыптасқан негізгі сөз табының бірі – етістік. Етістік – қимылды, іс – әрекетті, процесті, әр түрлі өзгеріс, құбылысты білдіретін сөз табы. Қазақ және корей тілдерінде етістік – лексикалық құрамы көлемді, грамматикалық құрылымы аса күрделі сөз табы және жаңа сөз жасаудың негізі.

Қазақ тілі мен корей тілінде етістік саласында ұқсастықтар да, ерекшеліктер де кездеседі. Екі тілде де етістіктің жақ және шақ категориялары бар. Бұл ұқсастықтар корей тіліндегі етістіктің жақ және шақ категорияларының бар екендігін түсінуге қиындық келтірмейді.

Корей тілінде етістіктің жақ категориясы мүлдем болмайды деп саналғанмен белгілі бір жағдайларда аз мөлшерде қолданылатын кездер болады. Ол туралы төменде мысалдар келтіріледі. Екіншіден, қазақ тілінде етістіктің жақ категориясының болуы және «қазақ тілі» мен «корей тілі» тіркестерінің бір сөйлемде келуі керек болғандықтан.

Етістіктің жақ категориясы (жіктік жалғаулары) іс, әрекет, қимыл иесі –

субъектімен тікелей байланысады. Ол бастауыш пен баяндауышты синтаксистік жолмен байланыстыратын грамматикалық тәсіл.

Етістіктің жіктік жалғауларын қабылдап, қимылдың қай жақтағы субъектіге тән екенін көрсетуін – етістіктердің жіктелуі дейді.

Жіктік жалғауының үш жағы болады: I жақ (сөйлеуші жақ), II жақ (тыңдаушы жақ), III жақ (бөгде жақ). Олар мен, сен (сіз), ол; (біздер), сіз (сіздер), сендер, олар сияқты жіктеу есімдіктермен қиысады.

Жіктік жалғауындағы етістіктер бір немесе екі, одан да көп кісінің іс-әрекет, қимылы болып келуіне қарай жекеше және көпше болып екіге бөлінеді.

1. Қазақ тілінде етістіктің жақ категориясының жасалу түрлері. Жақ категориясы – бұл шақ, рай саны мен бірге баяндауыштықты білдіретін категориялармен тікелей байланысты негізгі грамматикалық категориялардың бірі. Етістік сөйлемде баяндауыш ролінде тұрып, қимылдың, іс-әрекеттің белгілі бір субъектіге арналған шақ, рай категорияларына байланысты өзінің грамматикалық белгілерін іске асырады. Қазақ тілінде жақ категориясының жіктік жалғаулары іс-әрекет, қимылдың қай жақтағы субъектіге тән екендігін көрсетеді. Грамматикалық жақ категориясы бірауақытта жақ формасы болып табылатын рай және шақ категорияларымен тығыз байланыста болады. Мысалы, осы және келер шақ ашық райда *мен жазамын, мен жазармын* – I – жақ осы және келер шақта. *Жаз* – бұйрық райдың 2 – жағы.

Етістіктің жақтық жалғаулары іс-әрекетті тудырушы – субъекті мен іс-әрекеттің өзара байланыста болатынына нұсқайды. Етістіктегі жақ категориясы синтетикалық (жақтық жалғаулардың жалғануы арқылы – *келе - мін*) және аналитикалық (жақтық есімдіктердің жалғануы арқылы – *мен келе жатырмын*) түрде жүзеге асады.

Қазақ тілінде етістік осы шақ пен келер шақта өзгеріп қана қоймай, өткен шақта да өзгереді: *мен жазғанмын, сен жазғансың, ол жазған.*

Жақтық етістіктер жақтық есімдіктермен немесе есімдіктерсіз де қолдана береді. Бірақ жақтық есімдіктермен қолданғаны ыңғайлылық.

Жақтық категорияның үш топ қалып жүйесі бар: жекеше және көпше түрдегі 1-жақ, 2-жақ және 3-жақ.

1 – жақтың жекеше түрі іс-әрекетті тудырушы сөйлеуші екеніне нұсқайды: *мен оқып отырмын, сөйлей-й-мін, жатырмын*; 2 – жақ - тыңдаушы : *сен оқып отырсың, сөйлей-сің, жатырсың*; 3 – жақ әңгімеге қатысы жоқ адамға не затқа нұсқайды: *ол оқып отыр, сөйлейді*. Тек бірінші және екінші жақ өзіндік жақтық мағына берсе, үшінші жақ адамға да, затқа да қатысты іс-әрекетті білдіреді. Іс-әрекетті тудырушының саны бірден асса, онда көпше түрі қолданылады. Бірінші жақтың көпше түрінің формасы сөйлеушіден басқа да жақтардың бір екендігін білдіреді: *біз отырмыз, бұдан мен + басқалар*.

Осылайша, бірінші жақ етістігінің жалғаулары сөйлеуші жақты білдірсе, 2 – жақ тыңдаушы жақты. 3 – жақ әңгімеге қатысы жоқ жақты білдіреді. Жақ бойынша өзгертін етістіктерді жақтық етістіктер деп атайды.

Қазақ тілінде ашық рай етістіктерімен өткен шақ етістіктері жақтық формасымен қатар сөйлемде баяндауыш ретінде жұмсалатын атаулар субъектінің жағына нұсқайтын жақтық жалғауларға ие болады. Мысалы: *Мен жазамын. Мен - жазушымын. Сен жаза-сың. Сен - жазушысың. Ол жаза-ды. Ол - жазушы.*

Қазақ тілінде зат есімдер баяндауыштың орнына жұмсалатын етістік сияқты 1 – ші, 2 – ші, 3 – ші жаққа нұсқайтын жақтық жалғауларға ие болады. Қазақ тілінде теория жүзінде барлық етістіктер жақ категориясына ие, жақсыз етістіктер болмайды. Бірақ барлық жақ етістіктері үш жақта қолдана бермейді, өйткені жақтың барлық формасын тудыра алмайтын толық емес етістіктер бар. Мысалы, белгілі семантикалық топтың етістіктерінде бірінші жақ болмайды – *бықсу, қайнау*; 1 – ші және 2 – ші жақтың жекеше түрінде келесі етістіктер

қолданбайды: *ағылу, арындау*; нақты бір затқа қатысты процестер – *еру* және т.б.

Етістіктің жақтық формалары өз мағынасында қолданылмайтын ерекшелігі бар: *Қалай тұрып жатырмыз?* Бірінші жақтың көпше түрі екінші жақтың көпше түрі мен жекеше түрінің орнына қолданыла алады. Темекі тартпауын өтінеміз. 3 – ші жақтың көпше түрі белгісіз жақ мағынасына ие. Осылайша, жақ етістіктерінің екінші мағынасы бар, олар белгісіздік жағын білдіреді: *телефон соғады, бізді күтіп отыр* және т.б. Жалпылық – жақтық мағынасында: *Басын алып шашына өкінбес болар* (3 – жақтың іс-қимыл етістігінің кез-келген жаққа қатысы бар). *Балалықтың қадірін саналы болғанда білерсің* (іс-әрекет жалпыланып айтылып жатыр).

Қазақ тілінде жақ категориясы етістіктің жіктелуімен байланысты, бірақ формасы жағынан ерекшеленеді. Түбір сөзіне жақтық жалғау жалғанатын тек төрт етістік бар. Олар: *отыр, тұр, жатыр, жүр*. Сонымен қатар атау сөздеріне жалғанады: *отыр-мыз, студент-ніз, атаманыз, мұғалім-біз*.

Қазақ тілінде жақ категориясында белгілі дәрежеде рөл атқаратын көсемшелер болып табылады. Оның негізіне жақтық жалғау жалғана отырып, күрделі етістік формасын жасайды: *кел-емін, оқып отыр-мын*. Осылайша, қазақ тілінде жіктеудің бес парадигмасы бар.

I. Отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктері және *-ған/-ген, -қан/-кен, -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек, -атын/-етін, -йтын/-йтін, -ар, -ер, -р* есімшелері, *-с* – қа аяқталатын болымсыздық формасы атау сөздер сияқты жіктеледі.

Жекеше

1. Отыр-мын, бар-ған-мын, кел-ер-мін, айт-пақ-пын,
жаз-атын-мын, көр-ме-с-пін
2. Отыр-сың, бар-ған-сың, кел-ер-сің, айт-пақ-сың,
жаз-атын-сың, көр-ме-с-сің
Отыр-сыз, бар-ған-сыз, кел-ер-сіз, айт-пақ-сыз,
Жаз-атын-сыз, көр-ме-с-сіз
3. Отыр, бар-ған, жаз-атын кел-ер, айт-пақ, көр-ме-с

Көпше

1. Отыр-мыз, бар-ған-быз, кел-ер-міз, айт-пақ-пыз,
жаз-атын-быз, көр-ме-с-піз
2. Отыр-сың-дар, бар-ған- кел-ер-сіңдер, көр-ме-с-сіңдер,
сың-дар, жаз-атын-сың айт-пақ-сыңдар,
Отыр-сыздар, бар-ған- кел-ер-сіздер, айт-пақ-сыздар,
сыздар, жаз-атын-сыз-дар көр-ме-с-сіздер
3. Отыр, бар-ған, жаз-атын, кел-ер, айт-пақ, көр-ме-с.

Үшінші жақтың жекеше және көпше түріндегі барлық осы етістіктердің жалғауы болмайды.

II. *-а, -е, -й; -ын/-п* – қа аяқталатын көсемшелер осыған ұқсас парадигма бойынша жіктеледі, бірақ үшінші жақта *-а, -е, -й; жұрнағынан кейін арнайы жалғаулар -ды/-ді, -ын/-п жұрнағынан кейін -ты/-ті жалғаулары жалғанады.*

Жекеше

Көпше

1. Бар-а-мын, бар-ып-пын бар-а-мыз, бар-ып-пыз
2. Бар-а-сың, бар-ып-сың бар-а-сыңдар, бар-ып-сыңдар
Бар-а-сыз, бар-ып-сыз бар-а-сыздар, бар-ып-сыздар
3. Бар-а-ды, бар-ып-ты бар-а-ды, бар-ып-ты

III. Жедел өткен шақ және шартты рай формасындағы етістіктер басқа схема бойынша жіктеледі: 1 – ші, 2 – ші жақтарда қысқа түрдегі жалғаулар жалғанып, 3 – жақта жалғау болмайды.

Жекеше

Көпше

1. Бар-ды-м, кел-се-м бар-дық, кел-се-к
2. Бар-ды-ң, кел-се-ң бар-ды-ңдар, келсе-ңдер
Бар-ды-ңыз, кел-се-ңіз бар-ды-ңыздар, кел-се-ңіздер
3. Бар-ды, кел-се бар-ды, кел-се

IV. Бұйрық рай етістіктері ерекше схема бойынша жіктеледі: 1 – жақта жекеше түрінің жалғаулары – *айын/-ейін, -йын/-йін*, көпше түрінің жалғаулары – *айық/-ейік, -йық/-йік*; 2 – жақ жекеше анайы түрінің жалғаулары болмайды, көпше түрінде – *ыңдар/-іңдер, -ңдар/-ңдер*,

жекеше сыпайы түрінде *-ыңыз/-іңіз*, көпше түрінде *-ыңыздар/-іңіздер*, *-ңыздар/-ңіздер*, 3 – жақтағы жекеше және көпше түрінде *-сын/-сін*.

Жекеше	Көпше
1. Бар-айын, сөйле-йін	бар-айық,
сөйле-йік	
2. Бар, сөйле	бар-ындар, сөйле-
ндер	
Бар-ыңыз, сөйле-ңіз	бар-ыңыздар,
сөйле-ңіздер	
3. Бар-сын, сөйле-сін	бар-сын, сөйле-
сін	

V. Қалау рай етістіктері жіктелгенде негізгі етістікке – *ғы/-гі*, *-қы/-кі* жұрнақтары жалғанып, оның үстіне көмекші жалғаулары жалғанады.

Жекеше	Көпше
1. Менің бар-ғы-м келді,	Біздің бар-
ғы-мыз келеді,	
кеткім келеді	кет-кі-міз келеді,
2. Сенің бар-ғы-ң келді,	Сендердің
бар-ғы-ларың келді,	
кет-кі-сі келеді	кет-кі-лерің
келеді,	
Сіздің бар-ғы-ңыз келді,	Сіздердің
бар-ғы-ларыңыз келді,	кеткіңіз келеді
кет-кі-леріңіз келеді,	
3. Оның бар-ғы-сы келді,	Олардың
бар-ғы-лары келеді,	кет-кі-сі келді
кет-кі-лері келеді.	

Жіктік жалғауларындағы етістіктер белгілі бір субъектіге арналған шақ, рай категорияларына байланысты мағыналарды білдіреді. Сондықтан да олар шақтық, райлық мағыналармен тығыз байланысты болады.

Жіктік жалғаулары (*отыр, тұр, жүр, жатыр* дегендерден басқа) етістік түбірлеріне бірден жалғанбайды.

Етістіктің мынадай формалары жіктік жалғауларын қабылдайды.

1. Есімше формалары: *оқығанмын, оқырмын; оқитынмын;*
2. Көсемше формалары: *оқыптын, оқимын, барамын, көремін;*
3. *-ды/-ді, -ты/-ті* өткен шақ көрсеткішінен кейін: *оқыдым, келдім, қараттым, кірістім;*
4. Мақсатты келер шақтың *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* формаларынан

кейін: *оқымақпын, жазбақпын, айтпақпын;*

5. Шартты райдың *-са/-се* формаларынан кейін: *барсам, оқысам, жүрсем;*

6. Қалау райдың *-ғай/-гей* формаларынан кейін: *барғаймын, оқығайсың, жүргейсің;*

7. Бұйрық рай формалары: *барайын, бар, барсын;*

8. Жатыс септіктегі *-у* тұлғалы қимыл есімдерінен кейін: *орындаудамыз, жүргізудеміз.*

Етістік формаларының ішінде де жіктік жалғауларымен айтылмайтын тұлғалар бар. Олар:

-қалы/-ғалы, -келі/-гелі формалы көсемшелер: *барғалы отыр, айтқалы келдім;*

-у, -қы/-кі, -ғы/-гі, -ыс/-іс, -с тұлғалы қимыл есімдер: *үйрену керек, оқу керек, оқығым келеді, барғым келеді, естісімен келдім.*

Қазақ тіліндегі жіктік жалғаулары:

- а) толық түрі;
- ә) қысқа түрі;
- б) бұйрық рай жалғаулары болып үшке бөлінеді.

Жіктік жалғауларының бірінші толық түрінің көрсеткіштері мынадай: бірінші жақта *-мын/-мін, -пын/-пін* (жекеше); *-мыз/-міз, -быз/-біз, -тыз/-тіз* (көпше); екінші жақ жекешесі *-сың/-сін, -сыз/-сіз*; екінші жақ көпшесі *-сыңдар/-сіндер, -сыздар/-сіздер*; үшінші жақта *-ты/-ті, -ды/-ді* (жекешесі де, көпшесі де бірдей) қосымшалары. Бірақ үшінші жақ көрсеткішін жіктік жалғауларының бұл түрімен жіктелетін етістіктердің барлығы бірдей қабылдай бермейді. Үшінші жақтың *-ты/-ті, -ды/-ді* қосымшалары *-а, -е, -й; -ын/-ін, -п* формалы көсемшелерге ғана жалғанып айтылады: *барады, көреді, қарайды, қарапты, көріпті, барыпты*. Осындай үшінші жақ жалғауын қабылдау, қабылдамауына байланысты жіктік жалғауларының бірінші толық түрін өз ішінен екіге бөліп те қарауға болады.

Жіктік жалғауларының бірінші түрімен етістіктің мынадай формалары жіктеледі:

а) Жекеше – I жақ –мын/–мін; –пын/–пін;

II жақ –сын/–сін, –сыз/–сіз;

III жақ —

Көпше I жақ –мыз/–міз; –быз/–біз; –пыз/–піз;

II жақ –сындар/–сіндер, –сыздар/–сіздер;

III жақ —тәрізді жіктелетіндер:

–қан/–кен, –ған/–ген; –тын/–тін; –ар/–ер, –р тұлғалы есімшелер. Мысалы, оқығанмын, оқитынбыз, оқырсың, оқыр т.б.

–қан/–кен тұлғалы есімшелер: барғанмын, оқығансың.

–мақ/–мек; –бақ/–бек; –пақ/–пек тұлғалы мақсатты келер шак: бармақпын, бармақсың.

–қай/–кей, –ғай/–гей тұлғалы тілекті қалау рай мен жатыс септіктегі –у тұлғалы қимыл есімдері де жоғары үлгі бойынша жіктеледі. Мысалы, барғаймын, келгейсіңдер, орындаудамыз.

ә) Жекеше – I жақ –мын/–мін; –пын/–пін;

II жақ –сын/–сін, –сыз/–сіз;

III жақ –ды/–ді; –ты/–ті;

Көпше I жақ –мыз/–міз; –пыз/–піз;

II жақ –сындар/–сіндер, –сыздар/–сіздер;

III жақ –ды/–ді; –ты/–ті; түрінде жіктелетіндер:

–а, –е, –й; –ып/–іп, –п тұлғалы көсемшелер. Мысалы, барамын, барасыздар, барады, барыптын, барыпсыз, барыпты.

Жіктік жалғауларындағы –а, –е, –й тұлғалы көсемшелер бірінші жақта барамын, келемін дегендердің орнына барам, келемін түрінде қысқартылып та жұмсала береді.

Жіктік жалғауларының екінші түрі. Жіктік жалғауларының бұл түрінің көрсеткіштері мынадай: бірінші жақ жекеше –м, көпше –қ/–к, екінші жақ –жекеше: –ң (анайы түрі), –ңыз/–ңіз (сыпайы түрі), көпше: –ңдар/–ңдер (анайы түрі), –ңыздар/–ңіздер (сыпайы түрі). Бұлардың үшінші жағының көрсеткіштері болмайды.

Жіктік жалғауларының бұл түрі: –ты/–ті, –ды/–ді тұлғалы жедел өткен шак және –са/–се тұлғалы шартты рай формаларынан кейін қосылып айтылады.

Мысалы, оқыт-ты-м, оқы-сам, оқыт-ты-ңыз, оқы-ңдар т. б.

Жіктік жалғауларының үшінші түрі. Жіктік жалғауларының бұл түрімен етістіктің бұйрық рай формалары ғана жіктеледі. Олардың жақ көрсеткіштері мынадай болады: бірінші жақ жекешесі – айын/–ейін, –йын/ –йін; көпшесі – айық/–ейік, –йық/–йік; екінші жақ жекешесінің анайы түрінің көрсеткіші болмайды да, сыпайысы –ыңыз/–іңіз, –ңыз/–ңіз; көпшесі –ыңдар/–іңдер, –ңдар/–ңдер (анайы түрі), –ыңыздар/–іңіздер, –ңыздар/–ңіздер (сыпайы түрі), үшінші жақта –сын/–сін (жекешесі мен көпшесі бірдей). Осы жіктік жалғауларының үш жағының да көрсеткіштеріне –шы/–ші қосымшасы үстеліп те айтыла береді. Мысалы, барайын-шы, айт-ыңыздар-шы, кел-сін-ші т. б.

2. Корей тілінде етістіктің жақ категориясының ерекшелігі мен аудару тәсілі. Корей тілінде етістіктің жақ категориясы болмайды деп есептеледі, және өз алдына мұндай категория жоқ. Сондықтан сөйлем кімге қатысты айтылып тұрғанын білдіру үшін кез-келген сөйлемде міндетті түрде «на», «но», «кы», «ури», «нуга» және т.б. есімдіктер қолданылады.

Мысалы: «Чигым муосыль хэ?» Бұл сөйлем кімге қаратылып айтылып тұрғаны белгісіз. «Қазір не істеп жатырсыз?» немесе «Қазір не істеп жатыр?» деп аударуға болады. Ал егер «Таңсина чигым муосыль хэ?» десек қазақшаға «Сіз қазір не істеп жатырсыз?» деп аударуға болады.

Корей тілінде кейбір жұрнақтар сөйлемнің нақты кімге нұсқалып айтылып тұрғанын нақты білдіреді. Соның бірнешеуіне тоқталып өтсек.

– «ши (немесе си)» сыпайылық жұрнағы. Бұл жұрнақ етістікке жалғана отырып, сөйлемде субъектіге, яғни бастауышқа деген сыйды білдіреді.

Мысалы, «Аму кошина муро пошип-ши-ё» (Кез-келген затты сұраңыз). Сөйлемде ешбір есімдік қолданбағанмен тыңдаушыға айтылып тұрғанын көре аламыз. «Сонсэңним-кэсо-нын тэкесо посы джэңнюжаңи мо-шэ-со пульпёна-ши-

гессоё» (Сізге автобус аялдасыз үйден алыс болғандықтан ыңғайсыз болар).

– «хэра» стилі. Бұл стильді сөйлеуші тыңдаушы өзінен жас жағынан кіші немесе әлеуметтік жағынан төмен жағдайда қолданады. Бұл журнал етістікке жалғанғанда тыңдаушыға бағытталып тұрғаны көрінеді. Мысалы, «Ирыль хэра» (Жұмысты істе), «джончхориль тхара» (Трамвайға мін).

– «хаге» стилі. Тыңдаушы сөйлеушіге қарағанда жас әрі әлеуметтік жағынан төмен болғанмен, орта жасқа келген әрі қоғамда белгілі орны бар. Бұл стильді сонымен қатар орта жастан асқан құрдастар қолданады. Мысалы, «Ирыль хаге» (Жұмысты істе), «джончхориль тхаге» (Трамвайға мін).

– «го шипхохада» – көмекші етістігі етістіктің түбіріне жалғанып, іс-қимыл иесінің қалау, тілек, ниетін білдіреді. Тек үшінші жақты білдіреді. Мысалы, «Ким Джин Су шиньн тэгиопэ чуижикхаго шипхохамнида». (Ким Джин Су мырза үлкен кәсіпорынға жұмысқа тұрғысы келеді).

Жалпы сөйлемнің қай жақта тұрғанын есімше немесе сөйлемнің контекстіне қарап ажыратуға болады. Мысалы, келер шақты білдіретін «–гетт» журнағы тек бірінші және екінші жақта қолданылады. «Намын пходорыль нэиль та мого поригетта». («Қалған жүзімді ертең жеймін/жейміз» немесе «Қалған жүзімді ертең жейсін/жейсіндер») деп төрт түрлі аударуға болады.

Қорыта айтқанда қазақ және корей тілдерінде етістіктің жақ категорияларының өзіндік ұқсастықтары мен өзгешеліктері бар. Ұқсастықтар корей тілінің грамматикалық ерекшеліктерін меңгеруге жәрдемдеседі. Оны сабақ

барысында ұтымды пайдалана білу керек. Ал айырмашылықтар бар тұстарда қазақ тілі корей тіліндегі грамматикалық құбылыстарды меңгеруге кері әсерін тигізіп, кедергі келтіреді. Осы жайттарды есте ұстап, мұндай жағдайларда тиісті жұмыстар ұйымдастыру оқытушының өте тиімді әдісі.

1. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика);
2. Грамматика современного корейского языка. Алматы: Издательство КазНУ, 2002;
3. Хангуго мунбоп 2. Соуль: Кхомюникейшёнбуксы, 2005;
4. Рачков Г.Е. Категории времени глагола в современном корейском языке. АД КФН, Москва, 1963;
5. Сәдуақасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі жақ категориясы. Алматы, 1994;
6. Вестник КазНУ. Серия востоковедения. №1 (18);
7. Нуркина Г, Исаев С. Сопоставительная типология казахского и русского языков. Алматы, 1996;
8. Хёндэкугомунбомнон. Тэхан кёгуасо джушик хуэса, 1993.

В статье анализируются принципы сопоставления категории спряжения глаголов корейского и казахского языков. Выделяются схожие и отличительные черты, а также рассматриваются методы перевода спряжения глаголов одного языка на другой.

This article's purpose is that comparative conjugation of Korean and Kazakhstan language. Also it would find out the methods translation of verbs conjugation for one language into another. Through this article we could understand the differences and similarity verbs of both languages.

Шидерина Г.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

«Өнер алды - қызыл тіл» деп сөз құдіретіне ерекше мән берген халқымыздың ғасырлар тереңінен келе жатқан мол қазынасы, сарқылмас бұлағы күнделікті өмірдің әр саласында орнын

таба қолданылатын тіліміздегі мақал-мәтелдер десек артық айтқандық болмас. Еліміз әлем халқымен қатар жаңа дәуір есігін ашып, егемендігінің арқасында көптеген мемлекеттермен саяси-экономи-

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КазНУ

* ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ

* СЕРИЯ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

АЛМАТЫ

№ 1 (42)

2008

Зарегистрирован в Министерстве
культуры, информации и общественно-
ственного согласия
Республики Казахстан, свидетельство
№956-Ж от 25.11.1999 г.
(Время и номер первичной
постановки на учет - №766 от
22.04.1992 г.)

МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім. ТАРИХ - раздел 1. ИСТОРИЯ

Редакционная коллегия:

Алдабек Н.А.
(научный редактор) 674070,
Надилова Г.Е.
(зам. научного редактора),
Коптилеуова Д.Т.
(ответ. секретарь) 674649,
Дербисали А.Д., Ким Г.Н.,
Кумисбаев О.К., Ахметбек Г.,
Джубитова Б.Н., Атабай Б.А.
Карсаков И.Б.

Вестник КазНУ
Серия Востоковедения
№1 (42)

ИБ № 4154

Подписано в печать 10.09.07.

Формат 90 x 110 1/8.

Бумага офсетная № 1.

Печать офсетная. Уч.-изд.л. 7.75

Тираж 500 экз. Заказ № 80

Цена договорная. Издательство

«Қазақ университеті» Казахского

национального университета

имени аль-Фараби.

480078, г. Алматы,

пр. аль-Фараби, 71, КазНУ,

тел. 47-02-46, 47-04-54.

Отпечатано в типографии изда-

тельства «Қазақ университеті»

Абдыхалыков К.С.

ВЛИЯНИЕ ИНОСТРАННОГО МОНОПОЛИСТИЧЕСКОГО КАПИТАЛА НА
ЭКОНОМИКУ КОЛОНИАЛЬНОЙ ИНДИИ 3

Алпысбаев Р.А.

КУРДСКИЙ ВОПРОС ДО И ПОСЛЕ АМЕРИКАНСКОЙ
ОККУПАЦИИ ИРАКА 6

Берлибаева А.Б.

ОСОБЕННОСТИ ДВУСТОРОННЕГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
СОТРУДНИЧЕСТВА РЕСПУБЛИКИ КОРЕИ С РЕСПУБЛИКОЙ
УЗБЕКИСТАН 11

Ерекешева Л.Г.

ИСЛАМ И ЯЗЫЧЕСТВО В СОЦИО-КУЛЬТУРНОЙ ТРАДИЦИИ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В РАННЕЕ СРЕДНЕВЕКОВЬЕ:
МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ 14

Келімбаев Д.

ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ 23

Садықова Р.О.

АҚШ МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ «ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫСЫ»
ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ-САЯСИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ 26

2- бөлім. ФИЛОЛОГИЯ - раздел 2. ФИЛОЛОГИЯ

Айтбаева Ә.Б.

КОРЕЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ САЛҒАСТЫРМАЛЫ
ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 33

Айтқазы К.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМДІ
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ 36

Ахмет Г.А.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АРАБ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ 40

Ерсайынова М.

ӘН-КҮЙ ОРДАСЫ ЖӘНЕ ЮЭФУ «汉乐府» 44

Желдібаева Р.Б. ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ САН МӨЛШЕР СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	49
Кемелов Т. Х. «СҰЛТАН БЕЙБАРЫС СИРАСЫН» ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ РЕАЛИЙЛЕРДІ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ.....	52
Ким Л.Ф. МОТИВАЦИОННЫЙ АСПЕКТ ИССЛЕДОВАНИЯ КОРЕЙСКИХ ТОПОНИМОВ.....	57
Қалаубекова А.Д. КОРЕЙ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ ЖӘНЕ ПАРЕМИОЛОГИЯ САЛАСЫ.....	61
Мустафаева А.А. СОВРЕМЕННЫЕ ВОИНСКИЕ ЗВАНИЯ АРАБСКОГО МИРА.....	66
Муханбекқызы А. КОРЕЙ ТІЛІНІҢ КІРМЕ ЛЕКСИКАСЫ.....	73
Мухамбеткалиева А.К. АРАБ ТІЛІНДЕГІ «ӘМСӘЛ» ТЕРМИНІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ (Й.Хакки шығармашылығы негізінде).....	79
Мухитдинов Р. АРАБ СӨЗДІКТЕРІНДЕГІ СӨЗ МАҒЫНАСЫНА АНЫҚТАМА БЕРУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ.....	84
Шатекова Г.К. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН КОРЕЙ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ ЖАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ МЕН АУДАРУ ТӘСІЛДЕРІ.....	89
Шидерина Г. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР.....	94
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	98